

**Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасының
«Рудный қаласы білім бөлімінің
«Балалар тәрбиелеу-сауықтыру кешені» КМҚК
01.01.2025 жылдан бастап 31.12.2025 жыл аралығындағы
мемлекеттік қызмет көрсету бойынша есебі**

Кіріспе бөлім.

Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасының «Рудный қаласы білім бөлімінің «Балалар тәрбиелеу-сауықтыру кешені» КМҚК Мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына сәйкес (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 219 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 22 мамырда № 20695 болып тіркелді) «Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызметін көрсетеді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығымен бекітілген ҚР Білім және ғылым министрінің 2020.05.14 №202 бұйрығымен редакциядағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша, мамандандырылған және арнайы білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында лауазымдарды атқаратын педагогтерді және білім және ғылым саласындағы өзге де азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары» негізінде «Педагогтердің біліктілік санаттарын беру және растау рәсімінен өту үшін құжаттарды қабылдау» Мемлекеттік қызметі.

1. Жалпы ереже

1. Қызметті көрсетуші туралы мәліметтер

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер Тізіліміне сәйкес (Қазақстан Республикасы цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 39/НК бұйрығы, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 5 ақпанда № 19982 болып тіркелді) Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасының «Рудный қаласы білім бөлімінің «Балалар тәрбиелеу-сауықтыру кешені» КМҚК екі мемлекеттік қызмет көрсетеді.

1.2. Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасының «Рудный қаласы білім бөлімінің «Балалар тәрбиелеу-сауықтыру кешені» КМҚК көрсететін мемлекеттік қызметтердің тізбесі

№	Мемлекеттік қызметтің атауы	Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілі	Ақылы / тегін
1	Педагогтердің аттестаттаудан өтуге арналған құжаттарын қабылдау	"электрондық үкіметтің" веб-порталы	Тегін
	Сабақтан тыс уақытта балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау	МИНДАЛЬ: Қосымша білім берудің электрондық жүйесі	Тегін

2025 жылы мемлекеттік қызметтер көрсетілді:	
2025 жылдың айлары	Көрсетілген мемлекеттік қызмет, барлығы
Қаңтар	270
Ақпан	86
Наурыз	33
Сәуір	25
Мамыр	3
Маусым	7
Шілде	17
Тамыз	24
Қыркүйек	55
Қазан	56
Қараша	46
Желтоқсан	5
Барлығы:	627

2. Көрсетілетін қызметті алушылармен жұмыс

2.1. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратқа қол жеткізу көздері мен орындары туралы мәліметтер:

БТСК-нде көрсетілетін қызметтерді алудың нұсқаулықтары мен қадамдық алгоритмдерінің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі, қағидалары туралы ақпарат Қостанай облысы әкімдігінің Білім басқармасының «Рудный қаласы білім бөлімінің «Балалар тәрбиелеу-сауықтыру кешені» КМҚК ресми сайтында «Мемлекеттік қызметтер» бөлімінде орналастырылған. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге енгізілетін өзгерістерге қарай бұл бөлім Қостанай облысы әкімдігінің Білім басқармасының «Рудный қаласы білім бөлімінің «Балалар тәрбиелеу-сауықтыру кешені» КМҚК <https://dvok.edu.kz/> сайтында жаңартылады.

2.2 Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің жобаларын жария талқылау туралы ақпарат:

Көпшілік талқылауға арналған Кешеннің қызметі туралы есептер **Қостанай облысы әкімдігінің Білім басқармасының «Рудный қаласы білім бөлімінің «Балалар тәрбиелеу-сауықтыру кешені» КМҚК** ресми сайтында орналастырылады, онда әрбір көрсетілетін қызметті алушы есеппен танысып, өз пікірлерін қалдыра алады.

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Рудный қаласы білім бөлімінің «Балалар тәрбиелеу-сауықтыру кешені» КМҚК мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шағымдар мен теріс пікірлер түскен жоқ.

Mindal24.kz. ақпараттық жүйесі бойынша балаларды берілген өтініштерге сәйкес үйірмелер мен секцияларға, аула клубтарына қабылдау бойынша ұсынылатын мемлекеттік қызметтің сапасын көрсету мәселелері бойынша апта сайын мониторинг жүргізіледі.

2.3 Мемлекеттік қызметтер көрсету процесінің ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар (түсіндіру жұмыстары).

2025 жылдың 12 айында келесі іс-шаралар өткізілді:

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша жүргізілген түсіндіру	149
Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша халықты түсіндіру іс-шараларымен қамту	136

Директор



М.Т. Узакбаева